

## «ТОРТТУЛІК» ҚОСЫМШАСЫН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ФЕРМЕРЛЕРІ КӨП ПАЙДАЛАНАДЫ

Ауыл шаруашылығы жануарлары иелеріне арналған «Торт-Түлік» мобильді қосымшасы «АӨК-дегі экономикалық саясаттың талдау орталығы» ЖШС-мен бірлесіп әзірленді және 2023 жылы пилоттық режимде іске қосылды, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Бүгінгі таңда ол қосымшаны 122 333 адам пайдаланады.

Қазіргі таңда «ТортТүлік» қосымшасын Түркістан облысының фермерлері көп пайдаланады. Олардың саны 28 881. Жетісу облысында — 24 034, Қызылорда облысында - 18232, Солтүстік Қазақстан облысында — 13026 пайдаланушы бар.

Қосымша арқылы ауыл шаруашылығы жануарларының иелері - ШҚ, ЖШС, ЖҚШ мал басына түгендеу жүргізе алады, ветеринариялық паспорт ала алады, жоғалған кезде тегтерді ауыстыра алады, союдан кейін малды есептен алып тастай алады, малды бір ӘАОЖ ішінде саға алады және болашақта облыстар арасында мал сатып алу-сату рәсімдерін жасай алады, ветеринариялық дәрігерлер ветеринариялық-профилактикалық шараларды уақтылы және толық көлемде іс-шаралар жүргізе алады.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Агроөнеркәсіптік кешеніндегі экономикалық саясаттың талдау орталығымен бірге ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «Төрт түлік» мобильді қосымшасын әзірледі. Ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне әзірленген мобильді қосымша жөнінде хабардар болуын және пайдалануын арттыру мақсатында халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге бағытталған бейнелерді келесі сілтеме арқылы көруге және жүктеп алуға болады.

[https://drive.google.com/drive/folders/1W1oFCsLr5vTR0nwuEk9kIdAJBhoc1ow9?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/drive/folders/1W1oFCsLr5vTR0nwuEk9kIdAJBhoc1ow9?usp=drive_link)

## ОЛЖАС БЕКТЕНОВ: ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТЕР БАРЛЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ҮШІН «НЕГІЗГІ СТАНДАРТ» БОЛУЫ ТИІС



Үкімет басшысы қазақстандық мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының жұмысын жаңа бәсекелестік деңгейге шығаруды тапсырды.

Еліміздің әлеуметтік және экономикалық дамуы көбінесе өскелең ұрпақтың білім деңгейі мен бойындағы құндылықтарына байланысты екендігі атап өтілді.

«Өртүрлі салаларда бала-

лардың ізденіс, зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығын анықтау, білім берудің барлық деңгейлерінде олардың қабілеттерін барынша дамыту маңызды. Мектептер мен колледждердің және жоғары оқу орындары базасында студенттер мен оқытушылардың жетекшілігімен оқушылар өздерінің болашақ инженерлік идеяларын жүзеге асыра алатын,

өртүрлі бұйымдар мен бөлшектерді құрастыруды және дайындауды үйренетін жалпыға бірдей қолжетімді үйірмелер, техникалық шығармашылық орталықтарын құру керек. Білім берудің барлық сатыларында сапа бойынша жаңа талаптар белгіленуі қажет. Орта білім саласында жайлы мектептер дамуға ықпал ететін «негізгі стандарт» болуы тиіс. Басқа мектептерді олардың деңгейіне бейімдеп, реновациялау қажет. Ал жоғары білім беруге келетін болсақ, ұлттық жоғары оқу орындарымыз бен жетекші шетелдік университеттердің филиалдары батып беріп отыруға тиіс», – деді Олжас Бектепов, Ғылым және жоғары білім министрлігіне олардың жұмысының күтіліп отырған нәтижесіне орай филиалдарға қойылатын талаптарды әзірлеуді тапсырды.

Тиісті сараптамалық кеңес құрудың және барлық университеттерге қойылатын талаптарды олардың әлемдік стандарттарға сәйкестігі тұр-

ғысынан қайта қараудың маңыздылығы атап өтілді. Жоғары оқу орындары кәсіпорындармен тығыз жұмыс істеуге тиіс, ал студенттік, магистрлік жұмыстардың ел экономикасы үшін нақты нәтижесі болуы керек. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін бейінді министрліктер Ғылым мен технологияларды кеңінен танымал ету жөніндегі кешенді жоспарды қабылдауы қажет.

Жаңа оқу жылы қарсаңында жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесіне назар аударылды. Премьер-Министр сырттан келген бірде-бір студент баспанасыз қалмауы керек екенін атап өтті.

«Өңір әкімдері, оқу-ағарту және жоғары білім министрлері айтылған мәселелерді жеке бақылауға алсын. Барлық білім беру объектілері оқу жылының басталуына 100% дайын болуға тиіс», – деп қорытындылады Үкімет басшысы.

**Primeministr.kz**

## ОЛИМПИАДА КҮНДЕЛІГІ

Олимпиаданың сегізінші күні ел қоржынына тағы бір медаль түсті. Нариман Курбанов Париж Олимпиадасында спорттық гимнастиканың ат снарядындағы жаттығуда күміс жүлдеге қол жеткізді.

Отандасымыз ақтық сында 15.443 ұпай алды. Осылайша, Нариман елімізге спорттық гимнастикадан Олимпиаданың алғашқы медалін сыйлады.

Алтын Рис Маккленаганның (Ирландия) еншісінде.

Қазір Қазақстан делегациясында 1 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль бар.

Ал байрақты бөсекенің тоғызыншы күні Боксшымыз Нұрбек Оралбай (80 кг)



## САЙРАМДА ЗАМАНАУИ ҚҰРАМА ЖЕМ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Түркістан облысында өндіріс орындарының саны артып келеді. Нірдің еңбекқор халқы кіші, орта, отбасылық кәсіпті жандандыруға бет бұрған. Жергілікті кәсіпкерлер шет мемлекеттерден тәжірибе жинап, өндірісте үздік технологияларды пайдаланып жатыр. Инвесторлар тарту жұмыстары да қарқын алды.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Сайрам ауданына арнайы жұмыс сапарымен барып, біқатар нысанды аралады. Аудан әкімі Арман Сәбитов жүзеге асып жатқан жобаларды таныстырды.

Облыс әкімі Ақсукеңт ауылдық округі, Манкент ауылында салынып жатқан «Nurum Group» түйіршіктелген құрама жем зауытының құрылыс алаңында болып, жеке инвестордың жобасының қазіргі жай-күйін бақылады.

— Нірде «Іс бастаймын, кәсібімді кеңейтемін» деген азаматтарға мүмкіндік көп. Ауыл шаруашылығында жаңа технологияларды енгізу қажет. Әкімдіктен арнайы жер бөлу, инфрақұрылыммен қамту жұмыстарына қолдау болады. Мемлекет тарапынан жеңілдетілген бағдарламалар да бар. Зауыт, фаб-

рикалар ашпасақ, халыққа жақсы жұмыс орындарын ұсынбасақ, өңір экономикасы көтерілмейді, — деген Дархан Амангелдіұлы жоба құрылтайшысы Сырым Ертаевпен ауыл шаруашылығын дамыту бағытында пікір алмасты. Жаңа бастамаларды жүзеге асыру маңызды екенін айтты.

«NURUM GROUP» ЖШС ауыл шаруашылығы жылқы, ірі қара, ұсақ малдарға арналған құрама жем шығарумен айналысуды көздеп отыр. Зауыттың құрылыс жұмыстары осы жылдың сәуір айында басталған. Кәсіп-

иесі биыл қазан айында нысан құрылысын аяқтап, өндіріс орнын жыл соңына дейін іске қосуды жоспарлап отыр. Бүгінде құрылыс жұмыстары 60%-ға орындалған.

Түркия елімен жүргізілген келіссөздер негізінде қондырғылар маусым айында толық жеткізілді. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарымен қатар қондырғыларды монтаждау жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылуда. Зауыттың барлық кезеңдеріндегі жұмыстар автоматтандырылған жүйелер және заманауи жабдықтардың көмегімен жүргізіледі.

**«Айғақ»-ақпарат.**

Париж Олимпиадасының жартылай финалында Кристиан Хавьер Пиналесті (Доминикан) жеңді.

Төрешілер есебі: 3-2.


Нұрбек осыған дейін Париж шаршы алаңында Мурад Аллахвердиевтен (ширек финал, Өзірбайжан), Каллум Питерстен (1/8 кезең, Аустралия) басым түскен.

Финалдағы қарсыласы әлем чемпионы, Токио Олимпиадасының күміс жүлдегері Олександр Хижняк (Украина) немесе 2 дүркін Олимпиада чемпионы, әлем чемпионы, Панамерика ойындарының 2 дүркін жеңімпазы Арлен Лопес Кардона (Куба) болады.

Айта кетейік, Нұрбек Оралбай - былтыр Ташкентте әлем чемпионы атанған, Азия чемпионатының қола жүлдегері.

**Франция.**

## ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ БАҚЫЛАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СЕРВИСИ ЕНГІЗІЛДІ



Быттыр ЦДИА М Ақпараттық қауіпсіздік комитетіне Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасын жүзеге асыруды мемлекеттік тұрғыдан бақылау функциясы берілді.

Жеке басын қуәландыратын құжаттардың көшірмелерін қағаз тасымалдағышта жинауға, өңдеуге тыйым салынды — мысалы, қонақ үйлерде, банктерде бұл үшін айыппұл қарастырылған.

Сондай-ақ азаматтарды дербес деректердің жариялану фактілері туралы хабардар ету рәсімі қабылданды. Наурызда ведомство бұл мүмкіндікті алғаш рет 1,2 миллионнан астам адам деректерінің жария бол-

ғаны туралы хабарлама алған кезде пайдаланды. Банктерден қарыз алудан ерікті түрде бас тарту мүмкіндігі белгіленді.

«Осы алаңды пайдалана отырып, азаматтарды осы функцияны электрондық үкімет порталы, eGov мобильді қосымшасы арқылы белсенді пайдалануға шақырамын. Мен оны өзім қолданамын. Ол кез келген азаматқа қатысты болуы мүмкін алаяқтық өрекеттерге тосқауыл қоюға мүмкіндік береді. Егер қандай да бір алаяқ сіздің дербес деректеріңізге қол жеткізіп, кредит рәсімдеуге тырысса, бұл функция оған жол бермейді», - деді ОКҚ брифингінде ҚР ЦДИА М Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Руслан Әбдіқалықов.

Дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі енгізілді. 157 ақпараттық жүйе біріктірілген. Ал шарықтау шегінде келісім алу үшін 1 млн сұрау өңделеді.

«Айғақ»-ақпарат.

## ҚАЗАҚСТАНДА ОҚУ ҮШІН 550 ГРАНТ БӨЛІНДІ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан азаматтары болып табылмайтын шетел азаматтары мен ұлты қазақ адамдар үшін стипендиялық бағдарламасын конкурстық іріктеудің қорытындылары туралы хабарлайды. 2019 жылдан бастап жыл сайын жүзеге асырылатын бағдарлама 2024 жылы жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарында оқу үшін 550 гранттық орын берді.

Стипендиялық бағдарлама Қазақстанның басқа елдермен білім беру байланыстарын қолдауға және нығайтуға бағытталған. 2024 жылы 83 елден 11 293 өтінім келіп түсті, бұл бағдарламаға деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді.

Бөлінген 550 гранттық орынның ішінен:

490 орын – бакалавриат бағдарламасы үшін;

50 орын – магистратура бағдарламасы үшін;

10 орын – докторантура бағдарламасы үшін бөлінді. Сараптама комиссиясының мүшелерімен өңгімелесу қорытындысы бойынша стипендияларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның қарауына жіберілді:

«Докторантура» бағдарламасы бойынша оқуға 56 үміткер;

«Магистратура» бағдарламасы бойынша оқуға 286 үміткер;

«Бакалавриат» бағдарламасы бойынша 1914 үміткер. Іріктеу жоғары академиялық көрсеткіштер, барлық қажетті құжаттардың болуы және конкурстың барлық кезеңдерінен сәтті өту негізінде жүргізілді.

Стипендиялардың негізгі және резервтік тізімдері <https://studyin.kz/> сайтында жарияланады.

**ГРАНТ КУӘЛІГІН АЛДЫМ, АРЫ ҚАРАЙ НЕ ІСТЕЙМІН?**

Бұл сұраққа ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев жауап берді.

Грант куәлігі [grant.testcenter.kz](http://grant.testcenter.kz) сайтында қолжетімді. Ары қарай талапкерлер 25 тамызға (қоса алғанда) дейін грант немесе ақылы негізде оқуға түсу үшін жоо-ларға құжаттар тапсыру керек.

Қабылдау комиссияларына келесі құжаттарды ұсыну қажет:

жеке куәлік, 3x4 көлеміндегі фото, орта білім туралы аттестат немесе техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) ұйымдарының түлектері үшін диплом,

№ 075/у нысанындағы медициналық анықтама, ер жігіттер үшін өскери тіркелу куәлігі,

білім грантын тағайындау туралы электронды куәлік (болған жағдайда),

жеңілдетілген санат бойынша растайтын құжаттар (болған жағдайда).

Астана.

## ЖЫЛ БАСЫНАН 32 СУ НЫСАНЫ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

2024 жылдың басынан 32 гидротехникалық құрылыс коммуналдық меншіктен республикалық меншікке қайтарылды. Бұл 31 суару каналы мен 1 бөгет. Аталған нысандардың барлығы Жамбыл облысында орналасқан, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Қазіргі уақытта еліміздің басқа өңірлеріндегі су шаруашылығы нысандарын республикалық меншікке қайтару бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

«Министрлік еліміздің су инфрақұрылымын жақсарту бойынша жұмысты бастады. Мысалы, Президенттің тапсырмасы аясында 2020 жылға дейін су шаруашылығы нысандарын салу және реконструкциялау бойынша кешенді жоспар әзірленді. Жоспарда 44 су қоймасын салу, 76 гидротехникалық құрылысты, 5321 шақырымнан астам ирригациялық жүйені қайта жаңарту, сондай-ақ 3230 тік дренажды ұңғыма бұрғылау көзделген. Бүгінгі таңда 114 жоба бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленді», - деді Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов.

Елорда.

## ТЕГІН ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКПЕН ТАМАҚТАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Оқу-ағарту министрлігі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп отырып, eGov mobile мобильді қосымшасында «Әлеуметтік әмиян» арқылы мектептерде тегін тамақтандыру бойынша пилоттық жобаны іске қосты, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Жоба ата-аналарға қызметті проактивті түрде алуға, балаларының мектеп асханаларына баруын бақылауға және жеңілдікпен тамақтану үшін цифрлық ваучерлерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта тамақтандыруды есепке алу және тіркеу жүйелері 15 өңірдегі 250 мектепте жұмыс істейді. Жобаны кеңейту үшін мектептерді тамақтандыруды есепке алу мен тіркеу жүйелерімен қамтамасыз ету және оларды «Әлеуметтік әмиян» жүйесімен интеграциялау жұмыстары жүргізілуде.

Пилоттық жоба Ақмола, Маңғыстау облыстарында және Астана, Шымкент қалаларында сынақтан сәтті өтті. Мектептердің дайындығына қарай біртіндеп енгізілетін болады.

Астана

## АУЫЛҒА КӨШП КЕЛУШІ МАМАНДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУЛАРДЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Көтерме жәрдемақы алған кезде:

1. тініш (<https://egov.kz/> порталынан көруге болады).

2. Жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

3. Білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

4. Көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі.

Тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:

1. тініш (<https://egov.kz/> порталынан көруге болады) сәйкес.

2. Жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

3. Білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

4. Көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі.

5. Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

6. Кредиттік бюродан есеп.

Тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде:

1. тініш (<https://egov.kz/> порталынан көруге болады) сәйкес.

2. Жеке басты куә-

ландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

3. Білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

4. Көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі.

5. Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

6. Кредиттік бюродан есеп.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы мәліметтерді, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының оның жұбайының және балаларының жылжымайтын мүлігінің болмауы (болуы) туралы, көрсетілетін қызметті алушының атына тұрғын үй салуға берілген жер учаскесін пайдалану құқығы туралы анықтамаларды, еңбек қызметі бойынша мәліметтерді, ортадан кейінгі, техникалық, кәсіптік және/немесе жоғары білім дипломының болуы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Порталдан алады.

## ӘКІМДІКТЕР ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ 2,5 МЫҢҒА ЖУЫҚ ГРАНТ БӨЛДІ



2024-2025 оқу жылына жергілікті атқарушы органдардан конкурстық негізде мемлекеттік білім беру грантына өтініштерді қабылдау басталды. Әкімдіктер жыл сайын басым мамандықтар бойынша нысаналы даярлыққа гранттар бөледі. Биыл жергілікті атқарушы органдар 2475 білім беру гранттарын бөлді, деп хабарлады ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі.

Атап өтетін болсақ, 858 грантты елорда әкімдігі бөліп отыр. Бұл — әкімдіктер арасындағы ең үлкен көрсеткіш. Одан кейінгі орында Шығыс Қазақстан облысы — 270 грант, Абай облысы — 200 грант, Маңғыстау облысы — 175 грант, Ақмола облысы — 160 грант және Жетісу мен Қызылорда облысы — 100 грант, қалған аймақтар 100-ден аз грант бөлген.

Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін үміткер жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиясына өтініш беру қажет. Сондай-ақ ЖОО-ға білімі туралы құжат, ҰБТ сертификатын, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, жеңілдік санатын растайтын құжаттарды (бар болған жағдайда) тапсырады.

Құжаттарды қабылдау мерзімі туралы ақпаратты әкімдіктерден, сондай-ақ жоғары оқу орындарының қабылдау комиссияларынан алуға болады. Грант беру туралы шешімді әкімдік жанынан құрылған арнайы комиссия қабылдайды. Жоғары оқу орындарына қабылдау 25 тамызда аяқталады.

Сонымен қатар, 3000-ға дейін грант қайта бөлінеді; 870 жұмыс берушілерден грант; 800 Түркістандағы Халықаралық Туризм және қонақжайлылық университетінің гранттары; ректорлық гранттар; 850 «Қазақстан халқына» қорының гранттары; 500 Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқу үшін Түркия Республикасынан берілетін грант; сессия қорытындысы бойынша бос гранттар алу мүмкіндігі.

Барлығы 8000-нан астам қосымша гранттар қарастырылған.

## ШЕТЕЛДІК ТУРИСТЕР ШЫМКЕНТТИ ТАҢДАДЫ

ЕҚОнақ ақпараттық жүйесінің деректеріне сәйкес, 2024 жылдың алғашқы жартыжылдығында Шымкент қаласына 20 950 шетелдік турист келген. Бұл көрсеткіш еліміздегі үшінші мегаполиске халықаралық туристік аренада сұраныстың артып келе жатқанының айқын дәлелі. Шымкентке ең көп турист — збекстан, Ресей Федерациясы және Қытайдан келген.

Атап айтқанда, биылғы алты айда Шымкентке збекстаннан — 9 235, Ресей Федерациясынан — 3 286, ал Қытайдан 2360 турист саяхаттаған. ңірде туристер санының артуымен қатар, біржолғы төсек-орындар саны да айтарлықтай ұлғайып келеді. Мәселен, 2023 жылы төсек-орын саны 6058-ге жеткен. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 542 орынға көп.

« ңірдегі туристер санының өсуі туристік инфрақұрылымды жақсартуға және қонақтар



үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған елеулі жұмыстардың нәтижесі. Біз Шымкентті Қазақстандағы және шетелдегі жетекші туристік бағыттардың біріне айналдыру үшін жұмыс істейміз», - деді Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Нұртас Кәріпбаев.

## 100-ДЕН АСА БОС ЖҰМЫС ОРНЫ БАР АЙМАҚ

«О-ТУСТІК» арнайы экономикалық аймағындағы 6 кәсіпорында 132 бос жұмыс орны бар. Олар:

1. «Azala Textile» ЖШС тоқыма фабрикасы — 25 тігінші, 3 оператор, 3 приборлар және автоматика инженері, 1 химия дайындаушы;

2. «Бона Файд Групп» ЖШС киім өндірісі — 6 тігінші, 1 жабушы (ер адам);

3. «Sagitex Group» ЖШС іш киім өндірісі — 6 тігінші, 3 ораушы, 1 жабушы, 1 жабушының көмекшісі, 1 киім дизайнері, 2 үтіктеуші, 1 сауда өкілі, 1 сату менеджері;

4. «Назар Текстиль» ЖШС кілем өндірісі — 1 жүргізуші (Д категориясы), 20 тоқымашы оператор, 5 дизайнер;

5. «ARNATEX» ЖШС синтепон өндірісі — 1 бас есепші, 1 кеңсе менеджері, 1 цех жұмысшысы;

6. «Бал Текстиль» ЖШС кілем өндірісі — 40 тоқу жабдықтарын құюшы, 5 жіп жабдығының операторы, 1 компрессоршы, 1 қалдықтарды қайта өңдеу операторы, 1 бастапқы жабдық операторы.

Бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді АЭА өкілі Үдербай Шерханнан +77071646696 телефон нөмірі арқылы алуға болады.

Бүгінде арнайы экономикалық аймағында жобалар пулының жалпы құны 153,3 млрд теңге құрайды, 4 389 жаңа жұмыс орнын құруды көздейтін 67 жобадан тұрады.

Оның ішінде, инвестициялық құны 59,8 млрд теңгені құрайтын 1 986 тұрақты жұмыс орнымен қамтылған 40 жоба іске асырылды.

Сонымен қатар, 2453 жаңа жұмыс орнын құрумен 93,5 млрд теңгеге 27 инвестициялық жобаның пулы жасақталды.

Биыл 11 млрд теңгеге 549 жаңа жұмыс орнын құрумен 5 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған.

Өндіру көлемі 195,8 млрд теңгені құрады, оның ішінде 85,9 млрд теңгеге жуық өнім экспортталды.

Одан бөлек, АЭА қатысушылары тарапынан бюджетке 11,9 млрд теңге аударымдар жасалды

## СПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Спорттық инфрақұрылымға спорт залдары, бассейндер, фитнес орталықтары, стадиондар, ойын алаңдары және белсенді спортпен айналысуға арналған басқа да көптеген нысандар кіреді. Мұндай нысандардың архитектуралық шешімдерін салу және жүзеге асыру — жоғары азаматтық және әлеуметтік жауапкершілікті жүктейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық спорт пен салауатты өмір салтының маңыздылығына тоқталып, саланы дамытуда жергілікті өзін-өзі басқару органдарына демеушілер мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік әлеуетін тиімді пайдалану қажеттігін жеткізген болатын. Бұл ретте тұрғындардың да белсенділік танытуы маңызды. Ол үшін ең алдымен мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалуы керек.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қоғамдық орындарда, аулаларда спорттық құралдарды орнатуды дамытудың нақты қажеттілігі бар деген қорытынды жасауға болады. Спорт инфрақұрылымын және көпфункционалды спорт түрлерін енгізу тәжірибесін дамыту маңызды. Халықтың белсенді бөлігі спортпен айналысуға немесе көруге қызығушылық танытса, бұқараға қолжетімді спорттық нысандар әлеуетті операторы болып табылады.

Спорт жасөспірімнің мінезін шынайыдайды. Тұрақты түрдегі жаттығу ерік-жігерді, жеңіске деген ұмтылысты, өзіне деген сенімділікті дамытады. Жеңілісті қабылдауға және эмоцияларды реттеуге үйретеді. Жасөспірімдік шақта балаға ұнайтын спорт түрін табу өте маңызды, өйтпесе ол ойнаудан мүлдем бас тартады.

Бүгінде Шымкентте дене шынықтыру мен бұқаралық спортты кеңінен насихаттауға ден қойылған. Қала тұрғын-

дарының салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасау мақсатында серуендеу алаңдары мен түрлі орталықтар пайдалануға берілуде. Саябақтар мен қоғамдық орындар да азаматтардың жаттығу жасап, дене шынықтыруына қолайлы жасалуда.

Жуырда қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің тапсырмасы бойынша жүгіру және веложолы бар жаңа серуендеу алаңы пайдалануға берілді. Жол бойында бірнеше жаттығу алаңдары салынған. Жоба бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында жүзеге асырылды. Қазір Нұрсәт шағын ауданында, қала әкімдігінің жанындағы саябақта тағы бір жүгіру жолы салынуда.

Айта кетейік, Президент тапсырмасын жүзеге асыру аясында жыл басынан бері Шымкентте салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында 97 спорттық іс-шара өткізіліп, оған 11 мыңнан астам адам қатысты. Қазіргі таңда мегаполисте 33 спорт ұйымында 74 спорт түрі дамып келеді. Шаһарда №12 спорт мектебі гимназияның құрылысы жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарын ағымдағы жылдың мамыр айында пайдалануға беру жоспарлануда. Оған қоса №15 спорт мектебінің гимназия сәуір айында басталып, құрылысына мемлекет қазынасынан 1,8 млрд теңге қаралған.

Сонымен қатар, жыл соңына дейін «SPORT LIFE» шағын футбол орталығын және үш спорт залы бар «ЕЛАМАН» спорт кешенін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Аталмыш кешенде спорттық ойын, ойынның жекпе — жек түрлеріне арналған 3 спорт залы және 1 бассейні бар.

Жалпы елімізде соңғы жылдары Қазақстанда спорттық және туристік инфрақұрылым айтарлықтай жаңғыртылуда.

## ЕКІ ШАҒЫН АУДАН САПАЛЫ ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТЫЛДЫ



Қаладан шалғай орналасқан тұрғын алаптар мен елді мекендерді оптикалық желі арқылы интернетпен қамту бойынша Цифрландыру басқармасы тарапынан тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде 51 елді мекенге талшықты оптикалық желі тартылып, 210 мың тұрғынға интернет қолжетімді етілді.

Қазіргі таңда, «Fishnet» компаниясы тарапынан Самал 2 және Наурыз шағын аудандарындағы 46 көшеге кең жолақты интернет желісі жүргізіліп, 1000 тұрғын үйге интернетке қосылуға мүмкіндік жасалды.

Сонымен қатар, «АлмаТВ» компаниясы Самал 2 шағын ауданындағы 18 көшеге кең жолақты интернет желісін жүргізіп, 500 тұрғын үйге техникалық мүмкіншілік жасалды. Одан бөлек, «Pinknet» компаниясы Асар 2 шағын ауданының 31 көшесін кең жолақты интернет желісімен қамтып, 1500 тұрғын үйге интернет желісін қолжетімді етті.

## «ҚИЯЛ ӘЛЕМІ» ТЕХНОПАРКІ МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Шымкент қаласының әкімдігі заңсыз берілген жер учаскелері мен объектілерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша жұмыстарды қарқынды жалғастыруда. «Мұз сарайы» гимараты коммуналдық меншікке қайтарылып, ішінара «Кең Баба» саябағы қайтарылды. Осы аптада «Қиял әлемі» саябағындағы жағдай шешілді.

Шымкент қаласы әкімдігінің қаулысы негізінде 2009 жылдың маусым айында Республика даңғылы №9 мекен-жайдағы 4,8391 га жер учаскесі

«Айгерім» ЖШС-не жеңіл конструкциялардан балалар ойын сауық орталығын орнату үшін уақытша пайдалану құқығымен 49 жыл мерзімге берілген болатын. Жер учаскесін жалға алу келісім шарты түзіліп, сәйкестендіру актілері рәсімделген.

Шымкент қаласының жер ресурстары департаменті аталған жер учаскелерінің заңсыз берілуіне байланысты Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына қалалық жер қатынастары бөлімі мен «Айгерім» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында түзілген

жер учаскесін жалға беру туралы 2011 жылғы 18 наурыздағы №002/392 үлгілік шартын жарамсыз деп тану туралы талап-арыз жолданған. Нәтижесінде Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының биылғы 10 мамырдағы шешіміне сәйкес, талап арыз қанағаттандырылған. Яғни аталған бөлім мен «Айгерім» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің арасында түзілген жер учаскесін жалға беру туралы 18 наурыз 2011 жылғы №002/392 үлгілік шарты жарамсыз деп танылған.

Шымкент қалалық сотының 31.07.2024 жылы қаулысына сай, аталған шешім күшінде және «Айгерім» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Сот қаулысы түпкілікті дайын болған соң әкімдік тарапынан мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау мақсатында. Жер кодексінің 164-1 бабына сәйкес, заңсыз салынған құрылыстарды өз есебінен бұзу арқылы жер учаскесін бастапқы қалпына келтіруді міндеттеу туралы талап-арыз сотқа жолданатын болады.

## 300 КӨШЕ ЖАҢАРАДЫ

Қаланың инфрақұрылымын түгелдеу кезек күттірмейтін мәселе. Халықтың ыңғайлы өмір сүруі дәл осы инфрақұрылымға тікелей байланысты. Миллионды қала болғандықтан қиындықтар да туындап тұрады, дегенмен бұл тарапта атқарылып жатқан шаруалар аз емес.

Бүгінде қала аумағындағы көшелердің шұңқырлары жамалып, күтіп ұстау жұмыстары жүргізілуде. Бригадалар бірінші кезекте көліктердің қауіпсіздігіне әсер ететін орталық магистрал және ішкі орам көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар жол қозғалысына қолайлы болу үшін жоспарланған 400 қалқымалы қақпақшаның жартысынан астамы орнатылды.

Бұл бағыттағы жұмыстар Еңбекші ауданындағы 60-тан астам көшеде атқарылды. Сондай-ақ Қаратау ауданындағы Қайтпас, Бозарық елді мекендерінде, Абай ауданындағы Достық, Самал-2, 3 елді мекендерінде, Әл-Фараби ауданы Сәуле елді мекенінде жалғасуда.

Осыған дейін Тұран ауданы Қызғұрт елді мекеніндегі 20-дан астам көше жөндеуден өтті. Олар: Оңдасынов, Жандарбеков, Мақталы, Отырар, Ақжар, Мамина-Сибиряка, Алтын сақа, Үсенов, Қожанова, т.б көшелері.

Алдағы уақытта жергілікті тұрғындардың өтініштері бойынша бұл жұмыстар жалғасатын болады.

## БИЫЛ МАҚТААРАЛДА 10 ТІК ДРЕНАЖДЫ ҰҢҒЫМА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕЛІ

Түркістан облысы бойынша «Қазсушар» филиалы биыл Мақтаарал ауданында 10 тік дренажды ұңғыманы қалпына келтіруді жоспарлап отыр. Айта кету керек, Мақтаарал және Жетісай аудандарында 360 ұңғыма бар.



Бүгінгі таңда олардың 320-сына реконструкция жасалып, іске қосылды. «Тік дренажды ұңғымалар негізінен сор шаю мақсатында пайдаланылады. Яғни, жер астындағы тұзды суды сыртқа шығару арқылы топырақтың құнарлылығын арттырамыз. Бұл өз кезегінде өнімділікті ұлғайтуға септігін тигізеді. Біз алдағы уақытта өңірдегі барлық ұңғымаларды қалпына келтіріп, шаруалардың мол өнім алуына жағдай жасауға ниеттіміз», - деді Түркістан облысы бойынша «Қазсушар» филиалының тік дренажды ұңғымалардың аға инженері Әліқұрман Мырзабеков.

Тік дренажды ұңғымалардың тиімділігін жергілікті шаруалар да растап отыр. Сөздерінше, ұңғымалар іске қосылғалы өнімділік бірнеше есе артқан.

«Ұңғымалар жоқ кезде мына жерде мақтадан басқа ештеңе өспейтін. Оның өзінде 10-12 центнерден гана өнім алатын едік. Соңғы жылдары шаруалар 30-40 центнерден мақта алып жатыр. Мақтадан бөлек, қауын-қарбыз, жоңышқа да өсіре бастадық», - дейді дихан Болат Омаров.

## АЛФАШ РЕТ РОБОТ АРҚЫЛЫ МИФА КҮРДЕЛІ ОТА ЖАСАЛДЫ



айтуынша, осыған дейін паркинсон ауруын дәрігерлер өздері өлшеп, үш кеңістіктегі мидың есебін оң-солы мен тереңдігін математикалық жолмен анықтайтын болған және бұл көп уақытты алады.

— Жалпы мифа ота жасау ең нәзік ота түрі саналады. Оған арнайы навигация жүйесі мен жоспарлау станциясы керек. Ал роботта екі қондырғының қызметі үйлестірілген. Жасанды интелектің өзінде навигациясымен жоспарлау станциясы да қарастырылған. Бүгінде біздің дәрігерлерге мидың 3D моделін жасап, керек нүктелімізге дәл түсуге жол көрсететін ғылым жетімдігі — жасанды робот, — дейді дәрігер.

Қытай елінен әкелінген бұл робот 0,5 миллиметр дәлдікпен түседі. Яғни агзаның ең терең, қол жетуі қиын тұстарын 100 пайыз анықтап, диттеген тұста емдеу шараларын жүргізеді. Дәрігерлердің айтуынша бұл уақытты үнемдеп, отаға дәлдік беріп, әрі қауіпсіз өтуін қадағалайды. Одан бөлек мидың сау бөліктеріне зиян келтіруден сақтайды.

Қазіргі таңда бұл әдіс Орталық Азия елдерінің арасында тек Қазақстанда қолданылуда. Сондықтан бүгінгі ота барысын збекстан елінен келген Ннейрохирургтар да бақылады. Олар ота тәсілін тәжірибие жүзінде іске асырып, өз елдерінде де қолдануды жоспарлап отыр.

Айта кетейік, қытайлық робот еліміздің барлық өңірін аралап шығады. Ал екі апта бойы Түркістан облысында қолданылады деп күтілуде. Бүгінде Облыстық клиниканың дәрігерлері жасанды интелект арқылы үш күрделі ота жасап үлгерген. Алдағы уақытта осы роботты қажет ететін науқастарға ота жасау жұмыстары жалғасады.

Түркістан облыстық клиникалық ауруханасында алғаш рет жасанды интелекті бар робот арқылы мидың терең бөлігіндегі аймақтарға және созылмалы ауру түрлеріне ең ауыр ота түрі жасалды. Ал науқастың паркинсонмен ауырғанына он жылдан астам уақыт болған. Осы уақыт аралығында дәрі-дәрмекпен жүріп, дертіне ем таппаған тұрғынның миына, дәрігерлер жасанды интелекті бар робот арқылы ота жасауға тоқталды.

Жалпы паркинсон ауруы кезінде мидың нейрондары бұзылады және өледі. Аурудың негізгі белгілері: қолдың дір-ілдеуі, қозғалыстың бәсеңдеуі немесе қозғалыстың бөгеліп қалуы, ауырсыну, қозғалыс динамикасы және психиканың бұзылуы сынды әрекеттер. Аурудың соңы мүгедектікке әкеледі. Статистикаға сүйенсек, ер адамдар әйелдерге қарағанда бұл ауруға жиі шалдығады.

Мұндай ота Түркістан облысында алғаш рет жүргізілді. Дәрігерлер робот арқылы науқас миының түпкі бөлігін емдеп, кеуде тұсына кардио-стимулятор қойып береді.

Нейроорталықтың басшысы Асқар Бахтияровтың

Түркістан облысында денсаулық сақтау нысандарын салу және күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды осы салаға жауапты басшыларды жинап, құрылыс барысын пысықтады. Медицина саласының инфрақұрылымын жақсартуда олқылыққа жол берілмеуі керек екенін айтты.

— Өрбір нысанның күрделі жөндеу жұмысы, құрылысы бақылауда тұр. Мердігерлермен дұрыс жұмыс жүргізіңіздер. Жауапты басқарма басшылары өрбір нысанның басы-қасында жүріп, жұмысты үйлестірсін. Нысандардың құрылысы, материалдары, сәулетіне мән берілісін. Жоспардан ауытқу болмасын. Кестеде қай уақытта беріледі, дәл сол уақытта тапсырылуы тиіс. Жұмысты ширату бағытында ұсыныс беріңіздер, — деді Дар-

## ЕКІ БАҒЫТТА БІРЫҢҒАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАР САЛЫНАДЫ

хан Сатыбалды.

Мәжілісте өңірде күрделі жөндеуден өтіп жатқан нысандардың қазіргі жай-күйі айтылды. 2024 жылға 7 денсаулық сақтау нысанында күрделі жөндеу жұмыстарын бастау жоспарланған. Бүгінгі таңда 3 нысан — Жетісай аудандық «Асықата» ауруханасы, Созақ аудандық орталық ауруханасы, «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханаларының ЖСҚ-лары мемлекеттік сараптамадан өткізілуде.

Кентау қалалық орталық ауруханасына, Келес аудандық «Абай» ауруханасына және Бөйдібек аудандық орталық ауруханасына қарасты «Боралдай» медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін орын гимаратына

күрделі жөндеу жұмыстарына мердігерлер анықталған. Жұмыстар басталған. ңір басшысы осы нысандарға қатысты мәселелерді толық шешуді тапсырды.

Бүгінгі таңда облыстың ауылды елді мекендерінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысандарына қажеттілікті жою бойынша 2 бағытта жұмыстар жүргізілуде. Олар: жекеменшік клиникасы бар ұйымға ауыл тұрғындарын тіркеу арқылы медициналық нысан салу және әлеуетті инвестор салған дайын гимаратты сатып алу арқылы іске асыру. Осы 2 бағытта Денсаулық сақтау басқармасының дайын үлгілік жобаларын қолдану арқылы бірыңғай нысандар салынады деп жоспарланған.

## БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН БА?



Түркістан облысының білім беру нысандарындағы күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары сапалы және мерзімінде аяқталуы тиіс. Бүгін облыс әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев тиісті басқарма өкілдерімен және аудан, қала әкімдерінің жауапты орынбасарларымен бірге осы тұрғыда атқарылып жатқан жұмыстарды пысықтады. Жиынға мердігер компанияның өкілдері де қатысты.

— Жаңа оқу жылының басталуына бір ай ғана уақыт қалды. Биыл 300-ден астам білім беру ұйымында ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде балабақша, мектеп және колледждер де бар. Жалпы облыс әкімі Дархан Амангелдіұлының тапсырмасы-

мен тозығы жеткен немесе апатты жағдайдағы білім ұяларын реттеу, қалпына келтіру, жаңарту жұмыстары қарқынды атқарылуда. Бұл мақсатқа тиісті қаражат бөліп, ел игілігі үшін бағыттап отырмыз. Енді мерзімінде тиісті жұмыстарды аяқтаңыздар. Үлгереміз деп сапаны ұмытып кетпейік. Мектептің сыртқы жұмыстары да оқу процесіне кедергі жасайды. Бей-жай қарамаңыздар. Екі ауысыммен жұмыс істеңіздер. Жұмыс күші жетпесе, оны шешейік, — деген Бейсенбай Дәулетұлы құрылыс барысы қатаң бақыланатынын жеткізді.

Жиын барысында Түркістан облысы білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жандос Маханбетов баяндама жасап, жүргізілген мониторинг жұмыстарының нәтижесімен таныстырды. Қазіргі уақытта мектеп саны 1052-ге жетті. Соның ішінде 193 мектеп пен балабақшада, 12 колледжде ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Ал 22 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның 7-уі «Ауыл — Ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асырылады. 5-еуі жаңа оқу жылында халықтың игілігіне тапсырылады. Қалған мектептерге облыстық бюджеттен қаржы қарастырылған. Сонымен қатар 106 білім нысанының жылу жүйесі газға ауыстырылмақ.

## 2025 ЖЫЛЫ САУРАНДА СПОРТ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев жұмыс сапарымен Сауран ауданына барды. Ең алдымен ауданға қарасты Шорнақ елді мекеніндегі «Қамқорлық орталығына» барып, аудандық үкіметтік емес ұйымның жұмысымен танысты. Онда зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, ауданды дамыту бағытында жұмыс жоспарларымен бөлісіп, олардың ұсынысы, пікірлерін тыңдады.

Облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев азат елдің егемендік жылдары жарқын жетістіктерді бағындырғанын, барлық игілік пен жетістік бірлік, этносаралық татулық ұғымдарымен тығыз байланысты екенін атап өтті. Жиында ақсақалдар өздерінің ұсыныс пікірлері мен мәселелерін ортаға салды.

Жұмыс сапарында өңір басшысының орынбасары «Дервиш Әлі» мешітінің имамымен кездесіп, ел бірлігі рухани мәселе туралы пікір алмасты.

Сонымен қатар Ертай Кенжебекұлы аудандық мәдениет үйі мен кітапханада болып, ұжыммен кездесті. 2022 жылы пайдалануға берілген 120 орындық мәдениет үйінің жай-күйімен танысқан облыс әкімінің орынбасары өнер ошағының жұмысын жандандыруды тапсырды. Сондай-ақ кітапхана қорын молайту бағытындағы жұмыстарды күшейту керектігін ескертті.

Бұдан кейін аудандағы жаңадан салынып жатқан спорт кешенінің құрылыс алаңына барды. Құрылыс жұмыстарымен танысқан соң құрылыс жүргізуші мекеме өкілдеріне ең бас-

тысы құрылыс сапалы соғылып, уақытында пайдалануға беруді тапсырды. Сонымен

қатар құрылыс материалдарының құны арзан емес, сапалы болуын ескертті. Аталған спорт кешені «Ауыл — Ел бесігі» бағдарламасы аясында салынып жатыр. Биыл құрылысы басталған спорт кешенінің жұмыс барысы жоспарға сай жүргізілсе, келесі жылы ауыл тұрғындары жаңа нысанның игілігін көреді.

Ертай Алтаев іссапар соңында «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің гимаратында болды. Орталықта жастардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында ашылған үйірмелер жұмысымен танысып, жауапты басшылар мен мамандарға жас буын өкілдеріне жан-жақты қолдау көрсетіп, қоғамдағы белсенділігін арттыруды тапсырды.

Бетті дайындаған:  
Арайлым ӘБСАФАТ.

Шымкенттің ауыз су тарифі Қазақстан бойынша ең арзан қалалардың бірі. Нақтырақ айтсақ 10-орында. 1 литр судың құны 9 тиын. «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС 25 жылдан бері халыққа қызмет көрсетіп келеді. Компания автоматтандыру мен жаңа технология және цифрландыруды енгізуде тек елімізде ғана емес, Орта Азия бойынша алдыңғы қатардағы мекеме. Оның дәлелі ретінде 2024 жылдың алғашқы жартысында Қазақстан Республикасының қалалары бойынша су құбыры-көріз шаруашылығы кәсіпорындарындағы халық пен қызметкерлер санына салыстырмалы талдау жүргізілді. Нәтижесінде 500 мыңнан астам халқы бар Қарағанды қаласына 1800 ден астам адам қызмет көрсетсе, одан екі есе халқы көп Шымкентке 1 мың адам қызмет көрсетеді. Соған қарамастан атқарылып жатқан жұмыстар өте ауқымды.

Анарбек Орман, «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС Бас директоры:

- Біз енді осы кезеңде 13 жыл болды Еуропалық Қайта Құру және даму банкімен жұмыс жасап келе жатырмыз. йткені тозығы жеткен инженерлік инфрақұрылымдарды, су және канализация жүйелерін бірден ауыстыруға қаржы жетпейді. Сол үшін 30 жыл көлеміне несие алғанбыз. 60 млн Евро алдық. Қазіргі таңда қайтқаны 40 млн Біз жылдан-жылға инвестиция салып, реттеп келе жатырмыз. Әлде де

## ШЫМКЕНТТЕ 1 ЛИТР СУДЫҢ ҚҰНЫ 9 ТИЫН



болса проблема шешілді, бәрі жақсы деп айта алмаймыз. Кемшілік жетерлік. Мысалы 68% су саласында 60% түсіруге қол жеткіздік. Канализация саласында 79% дан 75% ке.

Шымкент қаласында 5 мыңнан астам шақырым су құбырлары бар. То­зығы жеткен құбырларды кезеңімен ауыстырып, халыққа сапалы тіршілік нәріні үйлестіру компанияның басты мақсаты. Су сапасы стандарт талабына сай болуы үнемі бақылауда. Су тарату жүйелерінен зертхана мамандары күнделікті судан сынама алып, бакте-

риялық және химиялық құрамын 10 көрсеткіш бойынша зерттеп отырады. рт сәндірушілерге қолайлы болып, қақпағы ашылып қалып, тұрғындардың өміріне қауіп төндірмеу үшін арнайы гидранттар еуропалық стандарт бойынша жер бетіне шығарылуда.

Қоғамдық ұйым, үй төрағалары мен төрайымдарының қатысуымен өткен есеп соңында мекеме басшысына бірнеше өзекті сұрақтар қойылды. Анарбек Оңғарұлы әрқайсысына нақты жауабын берді. Жиынға қатысушылар мекеменің перспективалық жұмыста-

рымен танысып, атқарылған жұмыстарға өз пікірлерін білдірді.

Жаңабаев Нұркөз, өңірлік комиссия мүшесі:

Қазір қаланың территориясы 3 есе үлкейді. Халқының саны 3-3,5 есе өсті. Соған қарамай қаланың әр нүктесіне су толық беріліп отыр. 37 гектармен 137 гектардың арасы үлкен гой. Соған қарамастан су бөріне беріліп отыр. Ол деген үлкен еңбек. Осы ұжымның еңбегі. Осы ұжымның бас директорының еңбегі. Кім не десе о десін. Анекең айттып отыр гой жаңа Астана қаласының әкімі шақырып, мына мәселені қалай шешеміз деп, ақылдасып отыр. Ол аз десеңіз Москвадан келіп отыр. Ол деген сөз, баяғы СНГ-де біздің водоканал ең мықты. Бағалай білуіміз керек. Бұл недеген үлкен еңбек. Мен соны айтайын деген едім. Бұл ұжымның еңбегі. Осы ұжымның басшысының еңбегі. Анеке, Сіздерге рахмет. Ұжымға рахмет. Осындай тірліктерді күні-түні істеп, осы суды толық беріп жатқандарыңызға.

Мегаполис тұрғындары үшін маңызды саналатын нысанның жұмысы бүгінгі күні бекітілген жоспарға сәйкес орындалып келеді. Мекеме басшысы жиынды қорытындылай келе 2024-2026 жылдарға арналған жоспарлар мен бекітілген қаржысын меңгеруге байланысты бірқатар жұмыстарды түсіндіріп өтті.

## “ЖОЛДА ОЙЫН ОЙНАМА!”: ИМ АРНАЙЫ РОЛИК ЖАРИЯЛАДЫ



Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету — полицияның негізгі міндеттерінің бірі. Ішкі істер министрлігі жолдағы балалар өлімін азайту бойынша шаралар қабылдап жатыр.

Жыл басынан бері жол-көлік оқиғаларында 126 бала қаза тауып, үш мыңнан астам көмелетке толмаған түрлі жарақат алды.

“Жолда ойын ойнама” — мұндай бейнероликтер жол жүрісі қағидаларын сақтаудың қаншалықты маңызды екенін еске салады.

Қайғылы жағдайларды болдырмау мақсатында полиция келесі ережелерді сақтауды ұсынады:

Балаларыңызға жол жүрісі қағидаларын үйретіп, олардың сақталуын қадағалаңыз;

Балаларды жолда, әсіресе көлік жүрегін жерлерде қараусыз қалдырмаңыз;

Кішкентай балаларды тасымалдау үшін арнайы автокреслоларды пайдаланыңыз;

Балаларға жол апаты немесе төтенше жағдай кезінде не істеу керектігін түсіндіріңіз;

Қауіпсіздік белдігін тағуды ұмытпаңыз;

Телефонға телмірмеңіз. Көлік жүргізу кезінде ұялы телефонды пайдалану апат қаупін едәуір арттырады;

Белгіленген жылдамдықты асырмаңыз; Жолда төртіп пен заңды сақтаңыз.

## «АЛАТАУ» ЖҮРДЕК ПОЙЫЗЫ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Бүгінде Шымкенттен Алматыға, Алматыдан Шымкентке қатынайтын №11/12 жүрдек пойызы күн сайын кешкі уақытта екі мегаполисте бір уақытта жолға қойылады. 24-26 вагоннан құралған «Тұлпар-Тальго» вагондарына әп-сәтте жайғасқан жолаушылар көзді «ашып-жұмғанша» Алматыдан Шымкентке, Шымкенттен Алматыға жетеді...

Яғни, жүрдек пойыз жүйткіп отырып, таңертең диттеген жеріне жетіп үлгереді. Қызығы сол, бұл үрдіс 44 жылдан бері үздіксіз қайталанып келеді. Біз бүгін әу баста «Алатау» деген атаумен жолға шығып, бергін келе «Отырар» аталған кейіннен атауы жойылып, тек нәмірмен белгіленген оңтүстіктің екі бірдей үлкен қаласын жалғайтын жүрдек пойыздың шығу тарихына тоқталып өткенді жөн көрдік.

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты аймақтық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, бүкіл өмірін теміржолға арнаған ардагер теміржолшы Нұрғали Нұртаевтың айтуынша, «Алатау» пойызының жолға шығу тарихы өте қызық, ең бастысы халықтың үлкен сұранысынан туған жоба. 1980 жылдары Шымкент қаласының бірінші хатшысы болып Асанбай Асқаров қызметке келеді. Сол кезде Алматы темір жолының бастығы болып Тың темір жолынан Ербай Боранбаев ауысады. Ол кезде Қазақстандағы үлкен қала санатындағы үш-ақ қала — Алматы, Қарағанды және Шымкент еді. Сондықтан Алматы мен Шымкент арасына қатынайтын жолаушылар

пойызын жүргізу жиі көтеріліп жүрген мәселе еді.

Алматы темір жолының бастығы Ербай Боранбаев пен Шымкент жол бөлімшесінің бастығы Әуесхан Салықбаевтардың бастамасымен бұл жоба тағы сөз болып, мәселені егжей-тегжейлі зерделеп-зерттеу басталады. Шымкент бөлімшесінде локомотив бөлімін басқарған Нұрғали Нұртаев пен осы бөлімнің экономисі Сәди Сайранбаев сынды сала мамандарына алдын ала болжалды есеп-қисаптың нобайын жасау тапсырылады.

Сол жылдың көктемінде Е. Боранбаев арнайы Шымкентке келеді. Социалистік Еңбек Ері атанып, дәуірлеп тұрған бөлімше бастығы Әуесхан Салықбаев негізгі жұмысына қосымша облыстық кеңестің депутаты. Оның үстіне бірінші хатшы Асанбай Асқаровпен жақсы қарым-қатынаста. Асқаровтың алдына барған Е.Боранбаев пен Ә.Салықбаев өздерімен Н.Нұртаевты да ертіп алып, мәселенің жай-жапсарын егжей-тегжейлі баяндайды.

— Есеп-қисап жағын мен баяндап бердім. Ерекең де, Әуекең де пойыз іске қосылған жағдайда кешке Шымкенттен шыққан пойыз, таңда Алматыда болып, кері бағыттағы пойыз сол күні кешке шығып, таңда Шымкентте болатынын, оның тиімділігі екі үлкен қала арасына қатынайтын оңтүстіктің халқы үшін де, астанаға ары бері іссапармен шығатын шенеуніктер үшін де, бөрінен бұрын екі қалада оқиын студенттер үшін өте тиімді жоба, игілікті де сауапты іс болатынын дәлел-

деп бақты, — деп еске алады бүгінде 80 жастан асқан Нұрғали Асқақал. Мәселені ден қоя т ы ң д а п , үлкен қызығушылық білдірген Асанбай Асқаров жобаны іске асыру үшін Дінмұхамед Қонаевпен келісу керектігін айтады. Сөйтсе де сол жерде тікелей телефон соғады. Тұтқаны Қонаевтың өзі көтереді. Жағдайды мұқият тындаған Димекен мемлекет басқарып отырған жан-жақты адам емес пе, темір жол саласында жолаушылар тасымалы пайдан гөрі шығыны басым болатынын еске салып, бастамашы топ өкілдеріне жобаның есеп-қисабын мұқият жасауды тапсырады. Сөз соңында: «Егер халықтың сұранысын қанағаттандыратын жоба болса, іске асырындар», — деп қолдау білдірген екен.

— Сол қабылдаудан шыққан біздің көңіл-күйіміз керемет еді. Екі бірдей ұлы адамның лебізін естіп қанаттанып, Ерекеңді Алматыға шығарып салдық. Асанбай Асқаров деген азамат еді гой шіркін, бұл істің аяқсыз қалмауы үшін тікелей бақылауына алып, Ерекеңе қолдау білдіріп Мәскеуге шығып, содан көп уақыт өтпей Германиядан 12 вагоннан жинақталған екі құрам жеткізілді. Ішінде плацкарт, купе, люкс санатын жанға жайлы вагондары бар бұл пойыз «Алатау» деген атқа ие болып, Алматы мен Шымкент арасында қатынай бастаған күнге де ж-



еттік. Бастапқыда екі бағыттан құнара қатынады. Тез арада өте үлкен сұранысқа ие болып, арада жарты жыл өтпей қосымша тағы вагондар алынып, пойыз құнара емес күн сайын, кешке екі бағыттан шығару жөнінде шешім қабылданды. Кейін ол «Отырар» деп аталды. Бүгін арада 44 жыл өтсе де оңтүстіктегі миллион халқы бар екі мегаполис арасына қатынап тұрған, заманауи тальго пойыздарынан жасақталған пойыз сол баяғы «Алатау» деп танымын, — дейді Нұрғали Нұртаев.

Қазақстан темір жолының бүгінгі даму үдерісі туралы да ардагер өз пікірімен бөлісті.

— Биыл 120 жылдығын атап өтіп жатқан Қазақ темір жолының келешегі кемел. Тәуелсіздік жылдары 2 мың шақырымнан астам жол салған ТМД-да бірде бір мемлекет жоқ. Ұлан гайыр қазақ даласының төрт бұрышын жалпақ шеңбер құрған отандық теміржол ішкі де сыртқы да қатынаста кең тармақталған, дамыған инфрақұрылымға ие. Мемлекет басшысы тарапынан теміржолдың дамуына жіті көңіл бөлініп отыр. Логистикалық орасан мүмкіндіктер, транзиттік өлеуетіміз Қазақтың темір жолын әлемдік деңгейге көтеретін күн алыс емес, — деп сөзін түйіндеді ардагер.

## МАҚТА ӨНДЕЙТІН ЗАМАНАУИ ЗАУЫТ ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

Түркістан облысында мақта кластерін дамыту бағытында жұмыс жүріп жатыр. Өңір басшысы Дархан Сатыбалды Сауран ауданындағы «Казтекс» ЖШС-нің мақта өңдеу зауытын дамыту барысымен танысты. Аталған зауытты салу, жаңа технологиямен қамту жобасы биыл басталған. Түркиядан инвестиция тартылған.

Жобаның құны — 1500,0

млн. тенге, қуаттылығы — жылына 10 мың тонна мақта өңдеу. Маусымдық кезеңдерде 150 адам жұмыспен қамтылса, 35 адам тұрақты жұмыспен қамтылады.



— Мақта кластерін дамыту — маңызды іс. Жаңа технологияларды ендіру керек. Іс бастаймын, цех, зауыт ашамын дейтін азаматтарға қолдау көрсетіледі. ңірде шығатын мақтаны өзіміз өңдеп,

шаруалардың табысын арттыруымыз керек, — деген Дархан Сатыбалды жауаптыларға тиісті тапсырмалар берді. заманауи мақта өңдеу зауытын салу туралы ұсыныс түскен. Түркиядан арнайы құрылғылар, мақта өңдейтін машиналар әкелінген. Бұлардың ерекшелігі — электр қуатын үнемдейді әрі мақта талшығын сапалы етіп шығарады. Сауран ауданында бұрынсоңды болмаған құрылғылар сатып алынған. Бұл зауыт қыркүйекте ашылып, шаруалардың мақталарын қабылдайды деп күтіліп отыр. Ал 2025-2026 жылдары аталған зауыттың қасынан шитті өңдеп, май шығаратын цех ашу жоспарға енгізілген.

Жоба басшысы Туражан Саидовтың айтуынша, аталған ЖШС ұзақ жылдардан бері мақта шаруашылығымен айналысып келеді. Кейін шетелдегі серіктестері тарапынан

## ЖҮЗІМ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Түркістан облысында жүзім шаруашылығын дамытуда жаңа технологияларды қолдану көзделіп отыр. Бұл мәселе Түркістан облысы, Сайрам ауданында өткен дала семинарында кеңінен талқыланды. Оған облыс әкімі Дархан Сатыбалды арнайы қатысып, галымдармен, шаруалармен пікір алмасты.

«Ауыл шаруашылығын дамыту: «ЭКО-бақ» жүзімдік алқаптарында экспортқа бағытталған, нарықта жоғары сұранысқа ие жүзім сұрыптарын өсіруде озық инновациялық технологиялар және заманауи машиналар кешенін тиімді пайдалану» тақырыбындағы «Егінжай күні» дала семинарына білікті галымдар, шаруалар, кәсіпкерлер қатысты. збекстаннан келген сарапшы, «Eco Fruit Conseil» компаниясының басшысы Шухрат Абборов көрші елдегі жүзім өсіру тәжірибесін таныстырды.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды жүзім шаруашылығының маңызына тоқталды.

— Таптаурын төсілдерден қашып, жаңа технологияларды бағыт енгізу керек. Ғылым, ауыл шаруашылығы дамып бара жатыр. Биыл Қытайға барған сапарымызда жүзім алқаптарын көрдік. німділік өте жоғары әрі жүзімдері ерекше дәмді. Біздің шаруаларға қалай өсіруді үйретуге дайын. Облысымызда жүзім шаруашылығын дамытуға мүмкіндік мол. Әр ауыл белгілі бір көсіп түрі мен шаруашылыққа бейімделіп, жүйелі түрде өнім шығарса ғана экспорттық өлеует көтеріледі. Бірігу, ірілену, жаңа технологияларды енгізу өте маңызды. Бұл ретте галымдарымыз да көмектесіп, жүзімнің төзімді, өнім мол беретін түрлерін өзірлеуге қолдау көрсетеді деп сенемін, — деді Дархан Сатыбалды.

Семинарда «ДАНА» модельді шаруашылығының құрылтайшысы, ҚР Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының академигі Бердияр Қалымбетов Сайрам ауданына

зерттеуден өткізілген жүзім сұрыптары егілгенін, олар жайқалып өсіп жатқанын мәлімдеді. Арнайы технология мен машиналар кешенімен таныстырды. 3 гектар жерге жүзім егілген. Жүзім сорттары экспортқа бағытталған. Нарықта жоғары сұранысқа ие жүзім сұрыптарын өсіруде. Озық инновациялық технология және машиналар кешенін тиімді пайдалану арқасында 1 гектардан 15 тонна өнім алу жоспарланып отыр. 20 түрлі ауыл шаруашылығы техникасы мен шағын машина технология станциясы бар.

Семинарда жүзім шаруашылығынан бөлек, ағаштар мен өсімдіктерді түрлі аурулардан, зиянкестерден қорғау, өнімділікті арттыру, ғылыми жетістіктерді өндіріске жедел енгізу жолдары қаралды. Ұсынылған идеялар бойынша тиісті жұмыс жүреді.

Облыс әкімі Сайрам ауданындағы жұмыс сапарында «Манкент» шипажайы аумағында болып, су үнемдеу технологиясын ендіру аясында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Аталған шипажай Алматы қаласынан ЖК «Агро Line KZ» сатушы мекемесінен 3 дана JP90-450 барабан типті жаңбырлатып сугару машиналарын сатып алып, жоңышқа алқабына орнатқан. Бүгінгі таңда жаңбырлатып сугару жұмыстары атқарылууда. Жобаның құны 37,2 млн теңгені құрайды, қаражат толығымен шипажай басшылығының өз қаржысымен жүзеге асты. Жобаның ерекшелігі — қарапайым төсілмен сугарылатын жоңышқалық алқапқа қарағанда ағын су көлемін 50%-ға үнемдейді. німділікті әр гектарынан 200 центнерге дейін жеткізеді.

Дархан Сатыбалды ауыл шаруашылығында тамшылатып сугару, жаңбырлатып сугару технологияларын енгізу негізгі міндеттердің бірі екенін айтты. Осы бағытта өңірімізде су үнемдеу технологияларын шығаратын кәсіпорындар ашылып жатыр. Тиісті жұмыстар жалғасады.

## ЖЕТІСАЙДА СПОРТ КЕШЕНІ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Түркістан облысында спорт саласын дамытуға көңіл бөлініп келеді. Соның бірі — Жетісай ауданы. Осы орайда аудан басшысы Серік Мамытов Жетісай қаласындағы бокс, еркін күрес, үстел теннисі және қазақ күресі секілді спорттың 4 түрінен 200-ден астам жасөспірім шұғылданатын «Күлбала» спорт кешенінің бүгінгі жай-күйімен танысты.

Соңғы рет 2019 жылы ішкі ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген спорт кешенінің бүгінде шатырынан су ағып, қабырғалары үгітілуде. Одан бөлек, едендері мен жасөспірімдердің жуыну бөлмелеріндегі құрал-жабдықтар, жылыту қазандықтары мен терезелері ауыстыруды қажет етеді. Бұл жұмыстарға 16 млн теңге қажет екенін айтқан аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Еркебұлан Сейдалиев орталықта жаттығатын жасөспірімдердің жетістіктеріне тоқталды.

Бөлім басшысының мәліметінше орталықта жаттығатын 23 спортшы бокс түрінен халық-



аралық, республикалық, облыстық және аймақтық жарыстардың чемпионы атанса, мүмкіндігі шектеулі 2 жасөспірім республика чемпионы, 1 спортшы қола жүлде иеленген. Ал еркін күрестен 3 спортшы халықаралық жарыстардың чемпионы атанған.

Айта кетейік, бүгінде аудан басшысының қолдауының нәтижесінде ауылдар мен елді мекендерінде заман талабына сай спорт гимараттары, балалардың спорт алаңшаларын салу ісі қолға алынып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

## БИЫЛ 27 ЖАТАҚХАНА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Жатақханалардың жетіспеушілігі мәселесі Алматы мен Астанадан басқа барлық өңірде шешілді, деп хабарлады Үкімет отырысында ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, деп хабарлады ҚР Ғылым және жоғары білім министрілігі.

«Бұл мақсатта жатақханалар салуға арналған мемлекеттік тапсырыс тетігі оңтайландырылды. Бір орынға арналған норматив (АЕК) 40%-ға ұлғайтылды, сондай-ақ мемлекеттік тапсырысты орналастыру мерзімі 8 жылдан

6 жылға дейін қысқартылды. Аталған тетік заманауи дизайны бар, жасыл кампус тұжырымдамасымен және шетелдік студенттік резиденциялар (student residence) форматына сәйкес келетін жатақханалар салуға мүмкіндік берді. Астана мен Алматы қалаларындағы жер учаскелерінің тапшылығын ескере отырып, ҚР ҒЖБМ мемлекеттік университеттерінің осы қалалардағы гимараттарды жатақханаға қайта құру кезінде мемлекеттік тапсырыс мөлшерін 1 орынға

жылына 92 АЕК-тен 182 АЕК-ке дейін ұлғайту бойынша жұмыс жүргізуде», — деді Саясат Нұрбек.

Сонымен қатар министрлік жатақханалар салу және жалпы жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын нығайту үшін МЖӨ тетігін пайдалану мәселесін пысықтауда.

Биыл барлығы 10 576 орындық 27 жатақхананы пайдалануға беру жоспарлануда. Бүгінгі таңда 2 369 орындық 10 жатақхана тапсырылды.

**Бетгі дайындаған:**  
**Арайлым ӘБСАҒАТ.**





## Ликвидация

\*\*\* ТОО "Южно-Казахстанский Открытый Университет" объявляет о своей ликвидации (БИН 021240005043) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент Самал-1 ул. Рыскулова 141 п/и 160021.

\*\*\* ТОО "Ломбард Алтын Капитал" объявляет о своей ликвидации (БИН 180440037296) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Байтурсынова 1-92.

\*\*\* ТОО "Береке Е-7" объявляет о своей ликвидации (БИН 030340002498) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан обл. Шардаринский р/н с.Казахстан ул. Жаксылыкова 23 .

\*\*\* ТОО "ДИНАРА-А бөбекжай балабақшасы" объявляет о своей ликвидации (БИН 210540021925) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул. Жансугурова 84 п/и 161200.

\*\*\* ТОО "ЮжКазЭнергоремонт Со LTD" БИН 041040003251, ТОО "ЮгЭнергоимпульс" БИН 110340022281 сообщает о реорганизации путем присоединения к переходом всех прав и обязанностей от присоединяемого товарищество к основному товариществу. Основание решения единственных участников ТОО "ЮжКазЭнергоремонт Со LTD" и ТОО "ЮгЭнергоимпульс" БИН 041040003251 от 02.08.2024г. Претензии принимаются в течение 1 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Туран дом 759.

\*\*\* ТОО "Khan Construction Ltd" объявляет о своей ликвидации (БИН 190740022131) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент жилой массив Исфиджап ул. Тектурмас дом 53.

\*\*\* ТОО "Alem Auto. kz" объявляет о своей ликвидации (БИН 170940025427) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Оразбаева дом 38 А.

\*\*\* ТОО "НК-Казына kz." объявляет о своей ликвидации (БИН 141040018598) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент 3 мкр. дом 3-43

\*\*\* ТОО "Казахстанско-Европейский Центр Образования" объявляет о своей ликвидации (БИН 1508400002542) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Нурсат дом 220 кв.53.

\*\*\* ТОО "ARARAT" объявляет о своей ликвидации (БИН 230340002628) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент ул. К.Цеткина дом 152.

\*\*\* ТОО "Domalag LTD" объявляет о своей ликвидации (БИН 220240021551) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Молдагулова дом 4 а. кв.19.

\*\*\* ТОО "MSD Co" объявляет о своей ликвидации (БИН 211240008731) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Алматы. Медеуский р/н ул. Жамакаева дом 99 п/и 050044.

\*\*\* ТОО "Ер-Сыр" объявляет о своей ликвидации (БИН 040840008308) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Жандосова 73.

## Объявление

ТОО Ай-Н Ломбард объявляет о проведенной торгов реализаций ювелирных изделий 08.08.2024-09.08.2024г. в 11:00 часов по адресу г.Шымкент мкр.Нурсат дом 221 тел. 8-771-071-09-90, 8(7252)50-60-55.

## Открылось наследство

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Хайдарбекова Ташмурата, умершего 05.06.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Садыккызы Г. г.Шымкент ул.Ташенова 8 тел. 8-701-830-39-59.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Садыкулова Хасена Сейдахановича, умершего 23.03.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кунанбаевой Г.Т. г.Шымкент ул.Ильяева 22/1 тел. 8-701-328-64-22.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Зуннунхановой Ирисая, умершей 03.08.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Назарбековой Ж.А. г.Шымкент ул. Калдаякова 9 тел.8-701454-74-46.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Байзакова Назибек Турганбековича, умершего 09.05.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Асилбековой Г.М. г.Шымкент ул.Бейбитшилик 22.тел. 8-705-895-71-81.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Калдыбекова Берика, умершего 06.07.2020г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Абдраимова Рашида Сайранбаевича, умершего 24.01.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Калдыбаевой А.О. Туркестан обл. с. Рыскулова ул.Рыскулова 272. тел. 8-775-214-68-86.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Филимонова Владимира Ивановича, умершего 12.02.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Айнабаевой С.И. г.Шымкент ул. Сайрамская 235/1 тел. 8-705-285-07-08.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Махсұтова Ирисмета Махсұтовича, умершего 20.02.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Рашитовой В.В. г.Шымкент ул.Гагарина 54. тел. 8-701-340-92-97.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Джакупбаевой Ботакоз Елбосыновны, умершей 23.05.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой

Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел.8-705-682-20-75.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Мырзабекова Умирбека, умершего 20.02.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Мусаевой А.Н. г.Шымкент ул.Жангельдина 19/2 тел. 8-701-717-15-35.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Ахмет Нурхата Бижанулы, умершего 28.07.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Измахановой Г.К. Туркестан обл. Ордабасы р/н.с. Темирлан ул. Рыскулова 5/1 тел. 8-771-60032-00.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Нигай Галины Александровны, умершей 28.07.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Тойчи А.Р. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8-705-758-88-08.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Момыновой Зулпии, умершей 31.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Мусаевой А.Н. г.Шымкент ул.Жангельдина 19/2 тел. 8-701-717-15-35.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Сулейменовой Асем Нуралевны, умершей 10.02.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыстановой Ф.С. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 125/4 тел. 8-747-153-02-83.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Бектурова Жанар Жумахановны, умершей 26.07.2007г. Наследникам обращаться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г.Шымкент мкр.Восток дом 116/1 тел.8-771-685-75-23.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Серикбаева Ерлан Амангелдиевича, умершего 13.06.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Мухтаркызы Г. г.Шымкент ул.Тауке хана 2 а. тел. 8-701-355-26-61.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Есенова Кайрата Сейдыллаевича, умершего 25.05.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Бейсебаева Р.Р. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 г. тел. 8-701-751-80-77.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр.Мырзагелдиева Ержана Абубакировича, умершего

28.03.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 18/4 тел. 8-702-996-27-79.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Ким Аллы Николаевны, умершей 09.07.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Калиевой Р.С. г.Шымкент мкр.Терискей 67 Б. тел. 8-707-505-23-25.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Азимовой Курбанбуви, умершей 18.02.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Бабаевой Л.К. г.Шымкент ул.Желтоқсан 20 б. оф.111 тел. 8-701-721-43-83.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Кузнецовой Людмилы Акимовны, умершей 28.01.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Салибековой А.Т. г.Шымкент ул. Рыскулова 30/2 тел. 8-701-777-24-86.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Чумаковой Татьяны Васильевны, умершей 04.07.2018г. Наследникам обращаться к нотариусу Тойчи А.Р. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8-705-587-88-08.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Дуйсенова Берикбая Женискаевича, умершего 12.05.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кентаеву К.К. г.Шымкент мкр.Спортивный 6-56. тел.8-702-201-55-66.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Сантети Бориса Павловича, умершего 11.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр.Отырар 59-26. тел.8-778-402-83-83.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр.Ахмет Гулсары Арынбеккызы, умершей 06.05.2022г. Наследникам обращаться к нотариусу Ахметовой А.С. Туркестан обл. с.Тамерлановка тел. 8-702-711-00-22.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр.Дуловой Марии Федоровны, умершей 05.05.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 22 тел. 8-771-307-55-22.

## Жарамсыз деп танылсын

\*\*\* 1976 ж. туылган Шарипбаева Гульмира Еркинбекқызы атына тіркелген Халықаралық Қазақ-Араб Университеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын 2003ж. шілде айында бітірген № 0349602 Дипломының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* ЖШС "Kaz Cargo Zhibek Zholy" 2024 жылға берілген №0269690 (Дозвол) Ресей мемлекетіне берілген біржолғы арнайы рұқсат қағазының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Утерянную печать ИП "Аскарбекова Д.С" (БИН 010325500538) считать недействительной.

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК БАҒЫТТАРЫ ӨЗГЕРДІ

Қоғамдық көлік жүйесін оңтайландыруға қатысты ұсыныстар мен өтініштер қала әкімінің жеке қабылдауында, азаматтармен кездесулерде көтерілген болатын. Халықтың өтінішіне сай 1 тамыздан бастап қала тұрғындарының өтініштері бойынша №16, №66, №70, №71, №69 бағыттардағы автобустардың сызбалары мен кестелері өзгертілді. Қазіргі таңда, 276 орамдағы Тұрсынбайұлы көшесі тұрғындарының өтініштеріне сәйкес, №16 автобус маршрутының сызбасы ұзартылды

- №66 автобус маршрутының сызбасы Тұран шағын ауданы Қазтуған жырау көшесі арқылы ұйымдастырылды
- №71 автобус маршрутының сызбасы Аймауытов көшесі арқылы оңтайландырылды
- №70 автобус маршрутының сызбасы тұрғындардың өтініштеріне сәйкес, Бөлешов көшесінен 600 метрге ұзартылды
- №69 автобус маршрутына кесте қосылды, яғни жұмыс күндері 13 автобус, демалыс, мереке күндері 10 қоғамдық көлік жолаушыларды тасымалдайды; Сайрам елдімекенінің орталығы Ю.Саремі көшесінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарына байланысты №139 бағыттағы автобустардың сызбасы уақытша өзгертілді.

## АЙҒАҚ МЕДИА

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

## Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ  
НАУШАБАЕВА -  
Бас редактор

Гүлжауһар БАЖАҚАЙ  
Журналист

### РЕДАКЦИЈАНЫ-МЕКЕНЖАЙЫ:


160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Қайрош АЙПЕШОВ - Тарату бөлімі

Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама



Мәқаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86.

Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,

Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25

Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 776 332 26 61

## Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Төменгі, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ф.Ляев көшесі, 29.

Таралымы: №71

Таралымы: 5070

Немірдің кезекші редакторы - Арайлым ӘБСАҒАТ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

## ҚАУЫН МЕН ҚАРБЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?

Жаз мезгілінде халықтың көбі қауын мен қарбызды жеуге құмартады. Әсіресе, аптап ыстықта шөлдіреген жан қарбыздан бас тарта алмас. Дегенмен, таза дәрсіз қарбыз бен қауын жаз мезгілінің соңында ғана піседі. Яғни, тамыз айының екінші жартысында.

Қарбыздың сыртқы пішіні мен көрінісі көп нәрсені аңғартады. Қарбыздың сабағы тұсында жырығы болса, ол тәтті деген сөз. Себебі қарбыз күннің ыстығынан, тәтті болғанын жарылады. Қарбызды ұстап тұрып, алақанмен сабалап, ұрып көріңіз. Сол кезде тықылдамай, дүңк еткен дыбыс шықса, іші жақсы болады. Қарбыз ауыр болуы керек. Соғылып, жырылған қарбызды көрсеңіз, мүлдем сатып алмағаныңыз абзал. Мамандар кішкентай қарбызды тұтынуға кеңес береді. Үлкен қарбыздардың көпшілігі тек дәрінің күшімен өседі екен. Егер қарбыздың салмағы

6 мен 10 келі арасында, пішіні жалпақтау болса, дәміне күмән келтірмеңіз. Сырты жылтыр, түсі қанық болуына да мән беріңіз. Мамандардың айтуынша, нағыз піскен қарбыздың сыртындағы ақ жолағы жалпақ болады және ұру арқылы шыққандағы дауысы анық естіледі. Сонымен бірге піскен қарбыздың тағы бір белгісі - жолақтары ақ өрі жарқын көрінуі тиіс. Бетіндегі ақ дақтар қарбыздың піспегенін айқындайды. Сабағының құрғақ және түсінің сары болуына көңіл бөліңіз. Ал ішіндегі дәндерінің түсі қара қоңыр немесе қара түсті болғаны жөн.

Жаздағы бақша дақылдарының ішінде тағы бір халықтың көп тұтынатыны — қауын. Қауынның түрі өте көп. Барлығына ортақ бір кеңес — ұрылған, жарылған жері болмауы керек. Піскен қауынды қабығынан байқауға болады. Түсі біртегіс, иісі аңқыған болады. Қауын сыртындағы жа-



сыл жолақтар шикі жемістің де белгісі болуы мүмкін. Піскен қауынды қаққанда қатаң, тұйық дыбыс шығуы керек. Оның сабағы құрғақ, жуан болуы керек. Егер сабақ жасыл болса, жеміс піспеген. Сабаққа қарама-қарсы қауын тұмсығы тым жұмсақ болса, қатты пісіп кеткен, ал жасыл болса — шикі. Жылтыраған қабық арқаға зиян балауыздардың қолданылғанын білдіреді.

Жалпы бақша өсімдіктерінің құрамындағы нитраттың (селитра) мөлшерін зерттеу жүргізіп қана анықтауға болады. Қарбыздағы нитрат мөлшері келісіне 60 миллиграмнан, ал қауында 90 миллиграмнан аспауы қажет.

кезде хош иісті шөптер мен дәмдеуіштерді қолдануға болады, соның арқасында тағам пайдалы ғана емес, сонымен қатар тәбетті болады.

- зиянды заттармен күресуде негізгі қару ұтымды әзірленген мезгір болуы керек. Мұнда үш негізгі ереже бар.

## АРЫҚТАУ ҮШІН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ КЕРЕК?

Артқы салмақпен күресуде негізгі қару ұтымды әзірленген мезгір болуы керек. Мұнда үш негізгі ереже бар.

Теңгерімді тамақтануды қаласаңыз, күнделікті рационыңыздан дүкенде сатып алынған десерттер, ақ қант пен бидай ұны жоғары нан өнімдерін алып тастаңыз. Бұл одан қоректік заттар жоқ және майға айналатын жылдам көмірсуларды кетіруге көмектеседі.

ДТ белгілі бір уақыт аралығында аз мөлшердегі тағамды жеуді қамтиды. Бұл аштық сезімін жояды және диетаны қатаңдатқан жағдайда денеден артық тағамның жиналуына жол бермейді.

ДТ принциптеріне сәйкес көмірсуларды таңғы асқа және түскі асқа дейін тұтынуга болады. Бұл денеге оларды сақтауға емес, сіңіруге жеткілікті уақыт береді. Екінші таңғы ас ретінде жемістер, кептірілген жемістер, жаңғақтар және майы аз сүт өнімдері қолайлы. Бұл кешке немесе түнде зиянды нәрсені жеуге деген ұмтылысты жояды.

Салмақты жоғалтуға арналған тамақтану - бұл оның артықшылықтарымен өтелетін шамалы кемшіліктері бар тиімді әдіс.

Кемшіліктері:

- бірден нәтиже бермейді;
- Ішкі процестерді орнату үшін бірнеше апта немесе тіпті айлар қажет болуы мүмкін.

Артықшылықтары:

- зат алмасуды жеделдетуге мүмкіндік береді;
- ұзақ мерзімді нәтиже береді;
- ыңғайсыздық тудырмайды, тек сіздің диетаның аса сезімтал назар аударуды талап етеді;
- өнімдердің кең таңдауын пайдалана отырып, әртүрлі жеуге мүмкіндік береді;
- күнделікті тұтынатын тағамнан қажетті қоректік заттардың жиынтығын алуға мүмкіндік береді.

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Аптасына дұрыс тамақтану мезірін әзірлеу кезінде диетологтар ДТ философиясының принциптерін ұстануға кеңес береді. Бұл таңдалған стратегияны орындауды жеңілдетеді және бұзылуларды болдырмайды.

Салмақ жоғалту үшін дұрыс тамақтану принциптері:

Ішу режимін сақтау. Ішкі процестерді жеделдету үшін денеге су қажет. Бұл зат алмасуды тездетуге және зиянды заттарды кетіруге көмектеседі.

- Күніне 5-6 рет аздап тамақтаныңыз. Тіпті бір ғана түскі немесе кешкі асты өткізіп алғанның өзінде дене аштық сезімін тудырады, бұл оны майлы шөгінділер түрінде қайтадан майды сақтауға мәжбүр етеді.

- Дәмдеуіштер мен дәмдеуіштерді қолданыңыз. Күнне жұмсақ тамақ жесеңіз, одан тез жалығып кетесіз. Осыған байланысты ол «зияндылыққа» әкелуі мүмкін. Сондықтан, ыстық тағамдар мен салаттарды дайындаған

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шымкент қалалық құрылыс бөлімі» ММ-і, «Шымкент қаласының өкімшілік-іскерлік орталығының аумағында орналасқан Шымкент қаласының прокуратурасы ғимаратының құрылысы» (Сыртқы инженерлік желілерсіз) жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірыңғай экологиялық порталында (<https://ecportal.kz>) қолжетімді болады. Ескертулер және ұсыныстар 14.08.2024 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады, [bgm-86@mail.ru](mailto:bgm-86@mail.ru) тел: +77079476947.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление строительства города Шымкент» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Строительство здания прокуратуры города Шымкент, расположенного на территории административно-делового центра города Шымкент» (Без наружных инженерных сетей) Проектная документация доступно на едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>). Все замечания и предложения принимаются с 14.08.2024г в течение 5 рабочих дней, [bgm-86@mail.ru](mailto:bgm-86@mail.ru) тел: +77079476947.

## ГРУДНОЕ ВСКАРМЛИВАНИЕ: ПОЛЬЗА ДЛЯ МАТЕРИ И РЕБЕНКА

Грудное вскармливание — это естественный процесс кормления ребенка грудным молоком, который несет огромную пользу как для малыша, так и для матери. Этот способ питания обеспечивает ребенка всеми необходимыми питательными веществами, защищает от инфекций и способствует крепкому здоровью.

Преимущества грудного вскармливания для ребенка

1. Оптимальное питание: Грудное молоко содержит идеальный баланс белков, жиров, углеводов, витаминов и минералов, необходимых для роста и развития ребенка.

2. Иммунная защита: В грудном молоке содержатся антитела, которые помогают ребенку бороться с инфекциями и болезнями. Дети, находящиеся на грудном вскармливании, реже болеют простудой, ушными инфекциями и гастроэнтеритом.

3. Здоровое развитие: Грудное вскармливание способствует правильному развитию мозга и центральной нервной системы ребенка. Дети, вскормленные грудью, часто показывают лучшие результаты в когнитивном развитии.

4. Снижение риска хронических заболеваний: Грудное вскармливание снижает риск развития таких хронических заболеваний, как диабет 1 типа, астма и ожирение в дальнейшем.

Преимущества грудного вскармливания для матери

1. Снижение риска заболеваний: У женщин, кормящих грудью, ниже риск развития рака молочной железы и яичников, а также остеопороза.

2. Восстановление после родов: Грудное вскармливание способствует сокращению матки и уменьшению послеродовых кровотечений.

3. Контроль веса: Грудное вскармливание помогает быстрее восстановить вес после родов, так как этот процесс требует значительных энергетических затрат.

4. Психологическое благополучие: Грудное вскармливание способствует выработке окситоцина, гормона, который помогает матери чувствовать себя более расслабленной и связанной с ребенком.

Как успешно начать грудное вскармливание

1. Ранний старт: Постарайтесь начать грудное вскармливание в течение первого часа после родов. Это поможет наладить контакт с ребенком и стимулирует выработку молока.

2. Правильное положение: Убедитесь, что ребенок правильно прикладывается к груди. Это поможет избежать боли и трещин на сосках.

3. Регулярное кормление: Кормите ребенка по требованию, а не по расписанию. Это поможет наладить достаточную выработку молока.

4. Поддержка: Не стесняйтесь обращаться за помощью к консультантам по грудному вскармливанию, если у вас возникли вопросы или проблемы.

Грудное вскармливание — это ценный подарок, который мать может дать своему ребенку. Оно обеспечивает здоровый старт в жизни, поддерживает иммунитет и способствует гармоничному развитию. Важно помнить, что каждая мама и ребенок уникальны, и грудное вскармливание может потребовать времени и терпения. Однако поддержка и информация помогут вам успешно кормить грудью и наслаждаться этим особенным временем с вашим малышом.

Маржан  
ӘБДРАЗАХОВА,  
специалист ЦФЗОЖ  
Кызылординской области